

## БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

## Сахна шеберлігі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
13.08.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/79793/>

Жамбыл облысы Шу ауданы

Төле би ауылы «Өнер мектебі»

Қуыршақ театры үйірмесінің жектекшісі

Тулешева Салтанат Ыдышовна

**Сабақтың тақырыбы:** Сахна шеберлігі

**Сабақтың мақсаты: Білімділік:** Балаларға ертегі жайлы түсініктерін тереңдету. Сөздік қорларын, тілдерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

**Дамытушылық:** Қуыршақ қойылымын көрсету арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру.

**Тәрбиелік:** Өзара сыйласып достық қарым — қатынаста болуға тәрбиелеу.

**Қойылым кейіпкерлері:** «Қызыл телпек», «Қасқыр мен жеті лақ», «Қошқар мен теке» ертегі кейіпкерлері

**Көрнекілік:** Слайд, ертегі кітаптары, қалтарыс, қолға киіlmелі қуыршақтар.

**I. Сабақ барысы:** Ұйымдастыру кезең

Тәрбиелік мақсаты: ұқыптылыққа шақыру

- Балалардың сабаққа дайындығын тексеру
- құрал-жабдықтарын алғызып, назарын сабаққа аудару.

**II. Өткен сабақты қайталау**

Тәрбиелік мақсаты: жауапкершілікке баулу

- сұрақ – жауап
- мазмұнын айту

«Мозайка» арқылы оқушыларды 3 топқа бөлу.

### **III.Топтардың ұрандары:**

#### **I топ «Қызыл телпек» ертегісі**

Біле бер қанша білсең – тағы тіле,

Жетерсің мақсатыңа біле – біле

#### **II топ «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі**

Жарыс десе алғырлықты ұштаймыз

Қиялдарға самғап ұшқан құстаймыз

Білімменен қаруланған тобымыз

Шегінбейміз жеңістерге бастаймыз

#### **III топ «Қошқар мен теке» ертегісі**

Егер есіңе сақтау үшін үйренсең,ұмытасың

Ал егер түсіну үшін оқысаң,есіңде сақтайсың!

### **IV.Ертегі қойылымдары.**( әр топқа 5 мин.уақыт беріледі)

Тәрбиелік мақсаты: сахна шеберлігін шыңдау

- **I топ** «Қызыл телпек» ертегісі.
- **II топ** «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі
- **III топ** «Қошқар мен теке» ертегісі

### **V.Алдын ала берілген үй тапсырмасы.**

— қарсылас топтарға сұрақ қою

— сұраққа жауап беру

#### **I топ «Қызыл телпек» ертегісінің сұрақтары:**

1.Қызыл телпек қайда және кімге барды?

2.Әжесінің үйінде не болды?

3.Қызыл телпек әжесін тапты ма?

4.Әжесі қайда болды?

5.Қандай ғажайыптар болды?

**II топ «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісінің сұрақтары:**

1. Балалар қасқыр туралы не білеміз?
2. Қасқыр қандай жануар?
3. Ешкі, лақ қандай жануар?
4. Ертегіде қандай кейіпкерлер бар?
5. Ертегі несімен ұнады?

**III топ «Қошқар мен теке» ертегісінің сұрақтары:**

1. Қошқар мен теке мультфильмін бәріміз көрдік пе?
2. Олар бақытты қайдан іздеді және қайдан тапты?

**VI. Шығармашылық жұмыс**

Тәрбиелік мақсаты: шығармашылыққа баулу

— топ аттарына сай ертегі суреттерін салу (ватман, маркер көмегімен, ұжымдық жұмыс)

— суретті қорғау

**VII. Қорытынды.**

Тәрбиелік мақсаты: сынды қабылдау, әділеттілік қабілеттерін дамыту.

— Бағалау. (бір-бірін)

-Үй тапсырмасы. «Екі иттің достығы» ертегісі. Рөлдерге бөліп оқу.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.